

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
№5 хаттамасы**

Астана қаласы

2024 жылғы 19 тамыз

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңес төрағасы Р.С. Ошақбаев.

Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері: М.А. Әбенов, Д.О. Әбібуллаев, И.О. Вранчев, Б.С. Дүйсембинов, Ж.З. Қосыбаев, Л.К. Жақыпова, О.Т. Сыздықов, Б.Ж. Төйкебаева, Д.Н. Тұрғанов, Т.Б. Әбілмәжінов, А.А. Саданов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков.

Шақырылғандар: Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Р.В. Зулхайыров, Ақпараттық саясат департаментінің бастығы Ш.А. Әлекешев, Тергеу департаменті бастығының орынбасары С.С. Аисов, Әзіндік қауіпсіздік департаменті бастығының орынбасары А.Ж. Шүйіншіәлиев, Ұйымдастық қылмысқа қарсы қызметтердің алдын алу бастығының орынбасары Р.Д. Садыров.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың алдын алу бойынша IIО қабылдайтын шаралар туралы

(Р.С. Ошақбаев, Т.Б. Әбілмәжінов, С.С. Аисов, Р.В. Зулхайыров, Р.Д. Садыров, А.Ж. Шүйіншіәлиев, М.А. Әбенов, Д.Н. Тұрғанов, И.О. Вранчев, Л.К. Жақыпова, Б.Ж. Төйкебаева)


1. Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Р.В. Зулхайыровтың ақпараты назарға алынсын.
2. Әкімшілік полиция комитетіне кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады.
3. Ұйымдастық қылмысқа қарсы қызметтердің алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады.

3. Ұйымдастық қылмысқа қарсы қызметтердің алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады:

3.1. Қоғамдық кеңеске жезекшелікпен айналысуға (оның ішінде кәмелетке толмағандарды) тартудың алдын алу бойынша, сондай-ақ телекоммуникация, интернет желілері арқылы ішкі істер органдары жұмысшының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу;

3.2. кәмелетке толмағандарды және жыныстық қанауға ұшыраған басқа адамдарды анықтау мақсатында Кеңес ұсынған Kizdar.net сайтта тіркелген тұлғалардың абоненттік нөмірлерінің тізімін тексеру;

3.3. Криминалдық полиция департаментімен бірлесіп, олардың таралуын болдырмау мақсатында интимдік сипаттағы қызметтерді ұсынатын интернет-ресурстарды бұғаттау бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.



4. Тергеу департаменті а.ж. 9 қыркүйекке дейінгі мерзімде автокөлікті ұрлау фактісі бойынша Н.Ж. Бегалиеваның өтініші бойынша қоғамдық кеңеске ақпаратты қарасын және ұсынысын (Кеңес мүшесі Б.Ж. Тойкебаеваның ұсынысы).

5. Білім министрлігіне:

5.1. тәуекел аймағындағы балаларды анықтау бойынша мектептерде сауалнаманы жетілдіру, оқу сабактарын жиі өткізіп жіберетіндерге, оқу нәтижелеріне, қорқыту фактілеріне, жанжалдарға және т. б. назар аудару;

5.2. орта білім беру үйымдарында психологиярдың біліктілігін арттыра отырып, олардың жұмысын күшету ұсынылады.

6. Мәдениет және ақпарат министрлігіне:

6.1. балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге, оларға салауатты өмір салты дағдыларын, мәдени-отбасылық құндылықтарды үйретуге, оларды телеарналарда, қоғамдық көліктерде, қоғамдық орындарда трансляциялауға, танымал әлеуметтік желілер платформасында орналастыруға бағытталған арнайы роликтер жасау;

6.2. жастармен жұмыс жөніндегі іс-шараларды өткізуге, оның ішінде: «жұмыс іздеу кезіндегі қауіпсіздік және жауапкершілік», «жастарды жалған діни үйымдарға тарту тәуекелдері, алаяқтық, есірткі бизнесі және адам саудасы», «Гендерлік теңдік: мифтер мен стереотиптер» (мәжбүрлі некелер, ұрлау, діни некелер, коммерциялық секс қызметтері және т. б.), «жауапкершілік және азаматтық ұстаным»;


6.3. зорлық-зомбылық құрбандарына ғана емес, болған оқиғаның күөгерлеріне де (занға қайши факт туралы кімге мәлім болған) жасырын түрде жүгінуге шақыратын «сенім телефондарының» механизмін қайта қарau;

6.4. интим-қызметтерді ұсыну бойынша сайттарды тиімдірек бақылау және бұғаттау үшін халықаралық үйымдармен және интернет-провайдерлермен өзара іс-қимылды жақсарту ұсынылады.

7. **Туризм және спорт министрлігі** жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жасөспірімдерді жұмыспен барынша қамту мақсатында өтеусіз негізде жұмыс істейтін балалар үйірмелері мен секцияларын көбейту мәселесін пысықтау ұсынылады.

8. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне:

8.1. 116-16 сенім телефондары бар стендтер немесе баннерлер, базарларда, супермаркеттерде және т.б. әлеуметтік жарнамаларды орналастыру.



8.2. өмірлік қызын жағдайдағы көмелетке толмағандарға жұмысқа орналастыру және тұрмысын жақсарту, өзге де көмек көрсету бойынша шаралар қабылдауды тиісті деңгейде ұйымдастыру үсіненлады.

9. IIО қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес мүдделі органдармен балалар үйлері түлектерінің жұмысқа орналасуына және тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізсін.

Ақпараттық саясат департаменті Кеңестің отырысы және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста орналастырысЫН.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын 2024 жылғы 14 қыркүйекке дейін хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес төрағасы**

R. Ошақбаев

**Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес хатшысы**

K. Елубаев